

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК
ЖУРНАЛ

ULAGATTY
USTAZ

ҚР Оқу-ағарту министрлігі
№ 514 бұйрықпен бекітілген

**Білім беретін, ғылыми, танымдық,
жарнамалық басылым**

МББ аты: Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал «ULAGATTY USTAZ»

МББ тілі: қазақша, орысша, ағылшынша

Шығу жиілігі: айына 1 рет Тарату аумағы: Қазақстан Республикасы

Меншік иесі: «Ulagatty Ustaz» ЖШС Алматы қаласы Бас редакторы: Нагиев И. Б.

Негізгі тақырыптық бағыты: білім беретін, ғылыми, танымдық, жарнамалық

Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал «ULAGATTY USTAZ»
жарияланған ақпараттардың авторлық құқы ақпарат авторына тиесілі, редакция жауапты емес.
Жарияланған ақпарат авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Астана қаласы Қазақстан Республикасының

Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің

Ақпарат комитеті 2023 жылғы 12 ақпандағы

Мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттікті және желілік

Басылымды есепке қоюы туралы куәлігі № KZ51VPY00117354 берілген.

Тапсырыс: 562 Таралымы: 3000 дана.

Журнал «Ulagatty Ustaz» ЖШС баспаханасында басылды.

Алматы қаласы – 2026 жыл Телефон: 8 777 087 6843

**Зияткерлік дамуды қалыптастырудағы логикалық ойындар.
(МДҰ арналған әдістемелік құрал)**

**Атырау облысы Жылыой ауданы Құлсары қаласы
КМҚК «Гүлдәурен» бөбекжай-бақшасы
Тәрбиеші педагог-модератор
АДАЕВА ЛАЗЗАТ СЕМБАЕВНА**

Қазіргі кезеңдегі мектепке дейінгі білім беру жүйесінде балалардың зияткерлік дамуын қалыптастыру білім беру үдерісінің басты бағыттарының бірі ретінде айқындалады. Мектепке дейінгі жаста баланың ойлау қабілеті, танымдық белсенділігі мен логикалық әрекеттері белсенді дамып, оның болашақтағы оқу жетістіктері мен тұлғалық дамуына негіз болады. Осы кезеңде баланың ақыл-ой мүмкіндіктерін жан-жақты дамытуға бағытталған педагогикалық жұмыстарды тиімді ұйымдастыру ерекше маңызға ие. Балалардың зияткерлік дамуын қалыптастыруда логикалық ойындар маңызды педагогикалық құрал ретінде қолданылады. Ойын арқылы ұйымдастырылған оқу әрекеті баланың белсенді қатысуын қамтамасыз етіп, оның ойлау үдерістерін жетілдіруге мүмкіндік береді. Логикалық ойындар балалардың салыстыру, талдау, жіктеу, қорытынды жасау дағдыларын дамытып қана қоймай, олардың танымдық қызығушылығын арттырып, оқу әрекетіне оң мотивация қалыптастырады. Сондықтан логикалық ойындарды жүйелі әрі мақсатты түрде қолдану мектепке дейінгі білім беру үдерісінің сапасын арттыруға ықпал етеді. Мектепке дейінгі білім беруді жаңғырту жағдайында балалардың зияткерлік дамуын қалыптастыруға бағытталған тиімді педагогикалық құралдарды қолдану өзекті болып отыр. Қазіргі уақытта баланың ойлау қабілетін, танымдық белсенділігін және өздігінен әрекетету дағдыларын дамыту мектепке дейінгі білім беру жүйесінің басты міндеттерінің біріне айналды. Осыған байланысты оқу-тәрбие үдерісін баланың жасерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып ұйымдастыру қажеттілігі туындауда. Ұсынылып отырған әдістемелік құрал логикалық ойындар арқылы балалардың зияткерлік дамуын қалыптастыруға бағытталған. Құралда берілген ойындар мен тапсырмалар балалардың ақыл-ой белсенділігін арттыруға, зейінін тұрақтандыруға, есте сақтау және логикалық ойлау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ойын әрекеті балалардың өзара қарым-қатынасын жетілдіріп дербес шешім қабылдауына жағдай жасайды. Осы тұрғыдан алғанда, аталған әдістемелік құрал мектепке дейінгі ұйымдарда оқу-тәрбие жұмысының тиімділігін арттыруға бағытталған өзекті педагогикалық құрал болып табылады.

Балалардың зияткерлік дамуын қалыптастыруда логикалық ойындар оқу-тәрбие үдерісінің мазмұнымен тығыз байланыста ұйымдастырылады. Ойын әрекеті баланың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, жүйелі және мақсатты түрде жүргізіледі. Осы бағытта келесі әдіс-тәсілдер қолданылады:

Ойын әдістері:

логикалық, дидактикалық және дамытушы ойындар арқылы балалардың ойлау қабілеттерін дамыту. Ойын барысында балалардың белсенділігі артып, тапсырмаларды қызығушылықпен орындауына жағдай жасалады.

Сөздік әдістер:

түсіндіру, әңгімелесу, сұрақ-жауап, ой қорыту арқылы балалардың сөйлеу дағдыларын және логикалық ойлауын дамыту. Балалар ойын барысында өз пікірін айтуға, жауаптарын дәлелдеуге үйренеді.

Көрнекілік әдістер:

суреттер, үлестірмелі материалдар, геометриялық пішіндер, сандар, схемалар мен кестелерді пайдалану арқылы балалардың қабылдауын жеңілдету және түсінігін тереңдету.

Практикалық әдістер:

тапсырмаларды орындау, заттарды салыстыру, сәйкестендіру, құрастыру, ретімен орналастыру арқылы балалардың дербес әрекетету дағдыларын қалыптастыру.

Проблемалық жағдаяттар:

балалардың ойлануын, шешім қабылдауын және логикалық қорытынды жасауын талап ететін тапсырмалар беру. Бұл әдіс балалардың зияткерлік белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Жеке және топтық жұмыс:

әр баланың мүмкіндігін ескере отырып, жеке тапсырмалар беру және бірлескен ойындар ұйымдастыру арқылы қарым-қатынас дағдыларын дамыту.

Күтілетін нәтиже

Ұсынылған әдістемелік құралды жүйелі түрде қолдану нәтижесінде мектепке дейінгі жастағы балалардың зияткерлік даму деңгейі қалыптасып, олардың ойлау әрекеттері бірізді дамиды. Логикалық ойындар арқылы балалардың ақыл-ой белсенділігі артып, танымдық қызығушылығы тұрақты сипатқа ие болады. Балалар заттар мен құбылыстарды салыстырып, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтай алады, қарапайым талдау және синтез әрекеттерін орындайды. Заттарды ортақ белгілеріне қарай жіктеу, жалпылау және ретке келтіру дағдылары қалыптасады. Балалар логикалық байланыстарды сақтай отырып, тапсырмаларды орындауға дағдыланады. Логикалық ойындарды орындау барысында балалардың зейіні тұрақтанып, есте сақтау қабілеті жетіледі. Өз ойын жүйелі түрде жеткізу, ой қорыту және қорытынды жасау әрекеттері қалыптасады.

**Ұлттық ойындар арқылы балалардың танымдық қабілеттерін дамыту.
Мектепалды тобы**

**Атырау облысы Жылыой ауданы Құлсары қаласы
КМҚК «Гүлдәурен”бөбекжай-бақшасы
КУСПАНОВА ШОЛПАН АМАНТАЕВНА**

Ұлттық ойындар қазақтың ұлттық ойындары — Ұлттық құндылықтарды бойына сіңіре отырып, ежелгі заманнан қалыптасқан ұлттық ойын түрлерін мектепке дейінгі ұйымға енгізу. Қазақ ұлты, негізінен ұрпақ қамын басты мақсат етіп қойып, балалардың нағыз азамат болып қалыптасуына аса зор мән берген. Нәтижесінде дәстүрлі бала тәрбиесінің басты құралы ретінде ұлттық ойындарды орайластырып, дамытып отырған. Ұлттық ойын – балалардың тілін дамыта отырып, логикалық ойлауын, есте сақтау қабілетін, ой-өрісін кеңейтеді, қимыл қозғалысын жетілдіреді. Ұлттық ойындарды танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту ойыны балаларды санауды, епшілдікті, сабырлылықты, төзімділікті, ойшылдық, есептегіштік пен үнемшілдік қасиеттерін дамытады.

Ұлттық ойындар арқылы ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу. Ұлттық құндылықтарымыз – ұлтымыздың мәңгілік қорғаушы шамшырағы. Ол өзіне адамгершілікті, сыйластықты, имандылықты, кішіпейілділік пен ізеттілікті, мейірімділік пен досжандылықты, мәдениеттілік пен руханилықты қамтыған орны толмас құндылық.

Тақырыптың өзектілігі: XXI - ғасыр білімділер ғасыры болғандықтан бүгінгі таңда заманымызға сай зерделі, ой - өрісі жоғары, жан-жақты дамыған ұрпақ қалыптастыру мемлекетіміздің алға қойған аса маңызды міндеті болып тұр. Тәрбие мен білімнің алғашқы дәні - мектепке дейінгі тәрбие ошағында беріледі. Бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс, дене құрылысының дұрыс жетілуі мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады.

Ұлттық ойындар - қазақ халқының ерте заманнан қалыптасқан дәстүрлі ойын-сауықтардың бір түрі. Оның бастауы алғашқы қауымдық қоғамда шыққан. Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа.

Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту.

Ұлттық ойындар - ата-бабаларымыздан жалғасып келе жатырған байлығымыз, асыл қазынамыз. Сондықтан, ұлттық ойындарды үйренудің, күнделікті пайдаланудың заманымызға сай ұрпақ тәрбиелеуге пайдасы орасан зор. Ойын баланың алдынан өмірдің есігін ашып, ұштаса береді.

Ұлттық ойындардың мектеп жасына дейінгі балаларға лайық-тары «Көкпар», «Орамал алу», «Тақия жасыру», «Алтын қақпа», «Ақ серек-Көк серек», «Айгөлек», «Ақ сандық - Көк сандық», «Ақ сүйек» баланың көзін жұмғызып алаңдағы ағаш ішіне сүйекті лақтырып жіберіп, іздеу т.б. ойындар ойнату арқылы баланы тапқырлыққа, жылдамдыққа, шапшаңдыққа, икемділікке, батылдылыққа үйрету іске асырылады.

Ұлттық ойын ойнатудың негізгі мақсаты :

- балалардың денсаулығын нығайту; денені шынықтыру; мәдениетін қалыптастыру; өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі жетілдіру, ойынды ойнату мен үйретудің міндеттері; қажетті дене қозғалыс дағдыларын, танымдық-белсенділігін арттыру; қызығушылығын қалыптастырып дамыту; ойынға қойылатын әдістемелік талаптар: ойынның мақсатын нақты анықтап керекті көрнекіліктер мен материалдарды алдын-ала дайындап, оңтайлы жерге қою. ойынға кірісер алдында оның жүргізілу тәртібін балаларға әбден түсіндіру. ойынға балалардың түгел қатысуын қамтамасыз ету.

Ойындардың маңыздылығы

Ойын балаларының қызметіндегі психикалық процесті (сезіну, қабылдау, ойлау, елестету, ес, ықыласын, тілін) белсендіреді. Ойын ерікті түрде құрылады.

Халықтың ұлттық ойындары - жас ұрпақтың қалыптасып өсіп-өнуіне әсер ететін факторлардың бірі. Ойын - дене қозғалысы, шыныққан денесінің шеберлігі, көңіл көтеру, дем алу, бас қосып бірлесіп әдет-ғұрыпты жалғастыруға үндесу. Ұлттық ойындарға мына ойын түрлері жатады: «Бәйге», «Асық», «Ақсүйек», «Арқан тарту», «Қыз қуу», «Көкпар», «Күміс алу», «жамбы ату». Бұл ойындар баланың еңбекке деген қарым - қатынасы мен ойлау қабілеттерін арттырады және баланы шымыр да епті, зерек те алғыр, тапқыр да парасатты болып өсуге тәрбиелейді.

Қорыта айтқанда, қазақтың ұлттық ойындары - баланың зерек те ақылды, шымыр да ширақ боп өсуінің басты құралы. Сөйлесе жүріп, балалар өзара пікірлесіп, әсер алысады. Ойын баласының жан-жақты дамуын көздейтін, оның тілін жаттықтыратын, қимыл-қозғалысын жетілдіретін, белсенділігін арттыратын, басқа адамдармен қарым-қатынасын реттеп, құрдастарымен ұйымшылдығын арттыруға негіз бола алады.

Халқымыздың тарихи-мәдени мұраларының түрлері өте көп. Солардың қай-қайсы да адам игілігіне қызмет етуге бағытталған. Сондай аса құнды мәдени игіліктердің бірі – ұлттық ойындар болып табылады. Қазақтың ұлттық ойындары ерлікті, өжеттілікті, батылдылықты, дененің шынығуын қажет етеді. «Асық ату», «Түйілген орамал», «Қыз қуу», «Соқыртеке», «Арқан тарту» т.б. ұлттық ойындар баланың сөздік қорын молайтуға, өмір тәжірибесін кеңейту, ептілік танымдық қабілеттерін жетілдіруге өз әсерін тигізеді.

МАЗМҰНЫ

❖ АДАЕВА ЛАЗЗАТ СЕМБАЕВНА

❖ КУСПАНОВА ШОЛПАН АМАНТАЕВНА